Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы ШЖҚ «Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері» МКК-да 2024 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық

АНЫҚТАМАСЫ

Шымкент қаласы 05.07.2024ж

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негіздеме:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды, Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының Шараушылық жүргізу құқығындағы «Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (бұдан әрі – ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 12 маусымдағы № 135 н/қ бұйрығына сәйкес, ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК-ның басшы орынбасары Ж.У.Будесова – топтың төрайымы, Г.Ш.Пернехан, Н.К.Кыдырбек, Д.У.Алдашев, А.Б.Зиятаевалар жүргізді.

Мемлекеттік орган ержесіне сәйкес, ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК-ның кызметіне жене оган байланысты нормативті-кукыктык актілерге тисті мына кызмет талданды:

Шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы

31 қазандағы №703 қаулының талаптары туралы. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл туралы» Заңы туралы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты.

1) ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК-ның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау;

2) Персоналды басқару, сонын ішінде кадрлардың ауысуы;

3) Мүдделер қақтығысын реттеу;

5) Көрсетілетін медициналық қызметтер бойынша.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2024 жылдың 17 мамыр -28 маусым айы аралыры.

Ішкі талдау жүргізілетін кезен: 2023 жыл- - 2024 жылдың маусым аралығы.

1. ШЖҚ «Облыстық тері-венерология диспансері» МКК-нің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау:

2. Персоналды басқару, сонын ішінде кадрлардың ауысуы:

ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК-нің 315 штаттық бірлік болып бекітілген. Қазіргі таңда 304 қызметші қызмет атқарады. Нақты айтқанда 52дәрігер, 130 – орта буын, 67 – кіші буын, 55- басқалар жұмыс жасайды.

Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:

2023 жылы 25 адам қабылданған, 38 адам жұмыстан шығарылған;

2024 жылы 6 айында 25 адам қабылданған, 20 адам жұмыстан шығарылған.

2024 жылғы 13 наурызда жұмыстан босатылған зейнеткер медбике С.Л.Таштемированы жұмыстан босату кезіндегі төленетін өтемақы төленетін тәртібі бұзылғаны анықталды.

Шешілу мәселесі: Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52 бабының 1тармағы 24 тармақшасына сәйкес зейнеткерлікке шыққан медбике |С.Л.Таштемироваға орташа жалақы мөлшерінде өтемақы төленді.

Барлық қызметкерлер біліктілік талаптарына сай қызмет атқарады.

Денсаулық сақтау қызметкерлерін жұмысқа алу (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде https://www.enbek.kz/ru порталына хабарландыру ілу арқылы жүзеге асырылады. 2024 жылдың 25 маусымынан бастап жұмысқа қабылдау процесстері Jumys Smart Nation веб порталы арқылы жүзеге асырылады.

Жумысшы топ ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК-ның қызметкерлерінің арасында туыстық немесе басқада қатынастары бар немесе жоғы бойынша ішкі талдау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде теріс өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын бұзушылықтар орын алмаған.

ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК басшысы мен орынбасарлары азаматтарды жеке маселелермен қабылдау күндерінің кестесі бекітілген және сол кестеге сәйкес кабылдау жургізілуде.

ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК-ның ғимаратында «Азаматтардың арыз-шағымдарын қалдыруға арналған жәшік» орнатылған.

2023 жылы ОТВД-не қаралуыға келген 4 жеке тұлғалардан арыз-шағым түсті. Арыз-шағымдар қаралу уақытына сәйкес уақытылы қаралып, арыз иелеріне жауап берілді.

https://eotinish.gov.kz порталы арқылы 2023 жылға 3 заңды тұлғалардан арыз-шағым (хат) ретінде түскен. Арыз-шағымдар қаралу уақытына сәйкес уақытылы қаралып, арыз иелеріне жауап берілді.

2024 жылдың ОТВД-не қаралуыға келген жеке тұлғалардан арыз-шағым түспеген.

https://eotinish.gov.kz порталы арқылы 2024 жылдың 6 айына 1 заңды тұлғадан арыз түскен. Арыз-шағымдар қаралу уақытына сәйкес уақытылы қаралып, арыз иелеріне жауап берілді.

3. Мүдделер қақтығысын реттеу:

ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК-да мүдделер қақтығысы орын алмаған.

Мемлекеттік сатып алулар ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы». Заннамасына сәйкес жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықтың көріністері байқалмады.

4. Көрсетілетін медициналық қызметтер бойынша:

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтері

-Ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек және (немесе) стационарды алмастыратын көмек

-Дерматология (дерматокосметология)

- Венерология

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтері

- Ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек

- Консультациялық диагностикалық көмек

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтері

- Ересектерге мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек

- Білікті көмек

- Консультациялық диагностикалық көмек

- Дерматовенерология (дерматокосметология)

5. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК-сы толығымен компьютерлік техникамен қамтамтылды.

Интернетке кіру мүмкіндіктері 100% құрайды, ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК-сы «Дамумед» жүйесімен жұмыс жасауда.

Дәрігерлер және орта буынды дәрігерлер медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс істеуге 100% оқытылған.

ТО ДСБ ШЖҚ «ОТВД» МКК наукастарға цифрлық көмек көрсету посттары және өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары орнатылып, электронды түрде қызметтер алуда.

6. Мемлекеттік сатып алу бойынша:

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалымен түзілген келісім-шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім-шарт соммасы 40785 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт мемлекеттік сатып алу Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағының 36-тармақшасы (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылуда).

Мемлекеттік сатып алу бойынша:

- Кәсіпорынның Товарищество с ограниченной ответственностью "Стендинг" пен түзілген 990840003215/230014/00 2023-01-26 келісім-шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім-шарт соммасы 1 194 000 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт мемлекеттік сатып алу Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағын (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылуда) бұзуда. Авторлық құқығы бар.Шешу мәселесі: Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1 тармағының 41 бабына және 4 бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

**Қорытынды .**

1.Мекеме қызметкеріне тәртіптік жаза қолдану кезінде заңнама талаптары сақталмаған.

2.Мекеме қызметкерлер қабылдау кезінде бұйрықтары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің заңнама талаптарына сай емес.

3.Мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану кезінде заңнама талаптары сақталмаған.

4. Зейнеткерлікке шыққан жұмыскермен еңбек шартын бұзу барысында заңнама талаптары сақталмаған. Бұл өз кезегінде, тиісті төленетін төлемақының төленбеу тәуекелін тудыруы мүмкін.

5. Мекеме қызметкері бұйрықтармен таныстырылмаған.

6. мекеме қызметкерлеріне ескерту беру кезінде комиссия отырысымен шешім қабылданбаған.

**Ұсыныс:**

1.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша оқыту семинарларын, дөңгелек үстелдерді және басқада іс шараларды ұйымдастыру және өткізу.

Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

| | |
|---|---|
| Басшы орынбасары | Ж.У.Будесова |
| Бас есепші | Г.Ш.Пернехан |
| Кадр бөлімінің инспекторы | Н.Кыдырбек |
| ЕҚ және ТҚ инженері | Д.У.Алдашев |
| Басшы орынбасары комплаенс маманы | А.Б.Зиятаева |